

**Өрт сөндіру жөніндегі жауынгерлік іс-қимылдарды орындауға қатысатын мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен өрт сөндіруге тартылған күштер үшін ұйымдардың аумақтарында өрт сөндіру кезінде қажетті күштер мен құралдарды, жанар-жағар май материалдарын, сондай-ақ тамақ өнімдерін және демалыс орындарын ұсыну ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 шілдедегі N 801 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Өрт сөндіру жөніндегі жауынгерлік іс-қимылдарды орындауға қатысатын мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен өрт сөндіруге тартылған күштер үшін ұйымдардың аумақтарында өрт сөндіру кезінде қажетті күштер мен құралдарды, жанар-жағар май материалдарын, сондай-ақ тамақ өнімдерін және демалыс орындарын ұсыну ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

1 8

ш і л д е д е г і

N

8 0 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Ереженің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "өртке қарсы қызмет" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

**Өрт сөндіру жөніндегі жауынгерлік іс-қимылдарды орындауға қатысатын мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен өрт сөндіруге тартылған күштер үшін ұйымдардың аумақтарында өрт сөндіру кезінде қажетті күштер мен құралдарды, жанар-жағар май материалдарын, сондай-ақ тамақ өнімдерін және демалыс орындарын ұсыну ережесі**

1. Ұйымдардың, оның ішінде филиалдардың, өкілдіктердің (бұдан әрі - ұйымдардың) басшылары олардың аумақтарында ірі, күрделі және ұзаққа созылған өрттерді сөндіру, сондай-ақ авариялық-құтқару жұмыстарын орындау кезінде өрт сөндіру жөніндегі жауынгерлік іс-қимылдарды орындауға қатысатын мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен өрт сөндіруге тартылған күштер үшін өрт сөндіру жедел штабының талабы бойынша: инженерлік техника мен өртке қарсы жабдықтарды; жанар-жағар май материалдарын; тамақ өнімдерін; жылытылатын үй-жайларды; ҚТБ-ның телефон байланысын; инженерлік-техникалық қызметкерлер мен қызмет көрсетуші персоналды ұ с ы н а д ы .

Жылытылатын үй-жайлар (төмен температура жағдайында) мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің бос ауысымдағы жеке құрамын жылытуға, құрғақ жауынгерлік киімді ауыстырып киюіне және тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарына қосуға бөлінеді.

Ұйымдардың инженерлік-техникалық қызметкерлері өрт сөндіру басшысының өрттерді сөндіруді және авариялық-құтқару жұмыстарын орындауды ұйымдастыру жөнінде шешімдер қабылдауы үшін, ал қызмет көрсетуші персонал материалдық құндылықтарды көшіруі үшін тартылады.

Ұйымдардың қалалық телефон байланысы жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін жедел хабардар ету және өзара іс-қимыл жасайтын қызметтермен үздіксіз байланысты ұстап тұру үшін тегін пайдаланылады.

Аумағына өрт сөндіру жөніндегі жауынгерлік іс-қимылдарды орындау үшін мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері тартылған ұйымдардың бірінші басшылары немесе оларды ауыстыратын тұлғалар күштер мен құралдарды береді .

Атқарушы органдар, сондай-ақ ұйымдардың басшылары бекіткен тиісті қызметтермен өзара іс-қимыл жоспарына және ұйымдардың өрт сөндіру жоспарына сәйкес өрттерді сөндіру әрі авариялық-құтқару жұмыстарын орындау, адамдар мен материалдық құндылықтарды көшіру үшін инженерлік техника мен өртке қарсы жабдықтар тартылады .

